

Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қорларын Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы 2000 жылғы 15 қарашадағы N 90 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 20 желтоқсанда N 1339 тіркелді. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 373 (V043400) қаулысымен (Қолданысқа ену тәртібін қаулының 2-тармағынан қараңыз).

Ескерту: Қаулының атауы өзгертілді, кіріспесі жаңа редакцияда жазылды және мәтін бойынша: "Компания", "Компанияның", "Компанияларға", "Компания" деген сөздер тиісінше "Ұйым/Қор", "Ұйымның/Қордың", "Ұйымдарға/Қорларға", "Ұйым/Қор", "Ұлттық комиссия", "Ұлттық комиссияға" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне" деген сөздермен ауыстырылды, "ол", "оның" деген сөздер "/олар", "/олардың" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 132 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының "Лицензиялау туралы" Заңының және Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңының негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Осы Қаулыда қолданылған ұғымдардың мыналарды білдіретіндіктері белгіленсін:

1) Ұйым - жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым;

1-1) "Қор" - зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры;

2) "Лицензия" - бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензия;

3) "бірінші басшы" - Ұйымның/Қордың алқалы атқарушы органының басшысы немесе Ұйымның/Қордың атқарушы органының функциясын жеке дара

жүзеге

асыратын

тұлға.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 132 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Ұйымдарға/Қорларға тек қана клиенттердің шоттарын жүргізу құқығынсыз (бағалы қағаздармен жасалған мәмілелерді тіркеу құқығынсыз) екінші санатты Лицензия беретіндігі белгіленсін. Бұл ретте Ұйымға/Қорға берілген Лицензияның күші ол/олар бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырғанда тек мыналарға ғана қатысты қолданылады:

- 1) Ұйымның/Қордың өз активтеріне;
- 2) Ұйымның/Қордың инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтеріне.

Ескерту: 2-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 132 қаулысымен.

3. Ұйымға/Қорға Лицензия тек оның/олардың штатында қолданылып жүрген бірінші санатты біліктілік куәліктерін (бағалы қағаздармен мәмілелер жасау жөніндегі жұмыстарды орындауға рұқсат ету құқығымен) иеленген кемінде үш қызметкердің болу шартымен ғана берілетіндігі белгіленсін. Бұл ретте:

1) Ұйымның/Қордың бірінші басшысы не оның/олардың Ұйымның/Қордың бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметіне жетекшілік жасайтын орынбасары;

2) Ұйымның/Қордың бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметін жүзеге асыруына байланысты функцияларын орындау жүктелетін құрылымдық бөлімшесінің басшысы;

3) Ұйымның/Қордың жоғарыда аталған құрылымдық бөлімшесінің тікелей бағалы қағаздармен мәмілелер жасау жөніндегі жұмыстарды орындайтын қызметкері аталған біліктілік куәліктерін иеленулері керек.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 132 қаулысымен.

4. Лицензия алу үшін Ұйым/Қор Ұлттық комиссияға:

- 1) бірыңғай өтініш;
- 2) Ұйымның/Қордың лицензиялық алымды төлегендігі туралы, оның/олардың түскендігі жөнінде салық органының белгісі қойылған төлем құжатының көшірмесін;
- 3) лауазымдардың атауларын және оларды атқарып отырған тұлғалардың аты-жөндерін, сондай-ақ осы тұлғаларды жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың күндері мен нөмірлерін көрсетумен Ұйымның/Қордың штаттық кестесін;
- 4) осы Қаулының 3-тармағының шарттарына сәйкес талап етілетін біліктілік куәліктерінің көшірмелерін;

5) осы Қаулының 3-тармағының шарттарына сәйкес талап етілетін біліктілік куәліктерін иеленген тұлғалардың еңбек кітапшаларының (олар бар болған кезде) көшірмелерін немесе оларды жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың үзінді-көшірмелерін не осындай тұлғалармен жасасқан жеке еңбек шарттарының көшірмелерін;

б) тігілген, нөмірленген және Ұйымның/Қордың бірінші басшысының немесе оның/олардың міндетін атқарушы тұлғаның қолымен және Ұйым/Қор мөрінің таңбасымен куәландырылған:

бағалы қағаздармен мәмілелер жасау және өзге де ықтимал нормалардан басқа Ұйымның/Қордың бағалы қағаздармен жасалған және орындалған мәмілелерге есеп жүргізу тәртібін ашатын Ұйымның/Қордың бағалы қағаздармен жасаған мәмілелердің орындалысына бақылау жасау қағидаларын;

Ұйымның/Қордың қызметкерлеріне оның/олардың бағалы қағаздармен мәмілелер жасау кезінде пайдаланатын бағдарламалық - техникалық құралдарға рұқсат ету қағидаларын;

Ұйымның/Қордың бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға қатысатын қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын ұсыну керек.

Ескерту: 4-тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 132 қаулысымен .

5. Ұйым/Қор бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру кезінде оған қойылатын мынадай талаптар белгіленсін:

1) Ұйымның/Қордың ұйымдық құрылымында Ұйымның/Қордың бағалы қағаздар рыногында брокерлік және дилерлік қызметін жүзеге асыруына байланысты функцияларды орындау жүктелетін жеке құрылымдық бөлімшесінің бар болуы;

2) жоғарыда аталған бөлімшенің қызметкерлеріне Ұйымның/Қордың басқа құрылымдық бөлімшелеріндегі лауазымдарды қоса атқаруға тыйым салу;

3) жоғарыда аталған бөлімшенің қызметкерлеріне Ұйымның/Қордың басқа құрылымдық бөлімшелеріндегі қызметкерлердің функцияларын және міндеттерін жүктеуге тыйым салу;

4) жоғарыда аталған бөлімшенің қызметкерлерінің құқықтарын және өкілеттіктерін Ұйымның/Қордың басқа құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлеріне өткізіп беруге (табыстауға) тыйым салу.

6. Тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 132 қаулысымен .

7. Реттелу тәртібі осы Қаулыда айқындалмаған мәселелердің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 04 наурыздағы N 293 қаулысымен бекітілген Бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметті лицензиялау туралы ережеге сәйкес шешілуге жататындығы белгіленсін.

8. Осы Қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енетіндігі белгіленсін.

9. Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыруды бағалы қағаздар рыногындағы брокерлік және дилерлік қызметпен қоса атқаратын Ұйымдар/Қорлар өз қызметін (осы Ұйымдардың/Қорлардың аталған қызмет түрлерін жүзеге асыру тәртібін реттейтін нормативтік кесімдерді қоса) осы Қаулыға ол/олар күшіне енгізілген күнінен бастап алпыс күн ішінде сәйкес келтіруге міндеттелсін.

10. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппараты Лицензиялау және қадағалау басқармасы:

1) осы Қаулыны (ол/олар күшіне енгізілгеннен кейін) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің назарына жеткізсін;

2) осы Қаулының орындалысына бақылау жасасын.

Ұлттық комиссиясының Төрағасы

Комиссияның мүшелері